

**З.Ш. Ерназарова** 

КИМЭП Университетінің профессоры, ф. ф. д.,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ezauresh@kimep.kz

## ЕТІСТІКТІҢ ПОЛИФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ КОГНИТИВТІ АСПЕКТІСІ

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілі грамматикалық құрылысында нақты орны мен мәртебесі теориялық жағынан біржақты негізделмеген полифункционалды тұйық етістік және есімше грамматикалық категориялары когнитивті аспектіде қарастырылады. Осы уақытқа дейін аталған категориялар тіл білімінде пікірталас туғызып келеді. Оның басты себебі аталған категориялардың әрі есім сөздер, әрі етістік сияқты түрленуінде жатыр. Бұл мәселе қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде көп қиындықтар келтіре бастады.

Әрбір тілдік форма адам танымының туындысы және нәтижесі болып табылады. Олар тіл құрылымында белгілі бір прагматикалық қажеттілікті шешу мақсатында пайда болады деген теорияға сүйене отырып, мақалада тұйық етістік пен есімше таным үдерісінің туындысы ретінде бағаланады. Адам танымында сырттан алынған ақпаратты талдау, саралау сияқты когнитивті процестер жүреді деген тұжырымды басшылыққа алу полифункционалды категориялардың қызметінің семантика-прагматикалық алғышарттарын сипаттауға мүмкіндік береді. Адамға қарым-қатынас барысында өзі білетін ақпаратты хабарлау, ақпараттарды бір-бірімен байланыстырып жинақтап беру, бағалау, түсіндіру, өз ойын жеткізу маңызды.

Полифункционалды категориялардың қызметін, түрленуін когнитивті аспектіде қарастыру олардың тілдік мәндерін түсінуге, анықтауға көмектеседі деп ойлаймыз.

**Түйін сөздер:** етістіктің грамматикалық категориялары, есімше, тұйық етістік, таным үдерісі, фрейм, когнитивті модель, семантика-прагматикалық аспект.

Z.Sh. Yernazarova,

Doctor of Philological Sciences, Professor of KIMEP University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: ezauresh@kimep.kz

### The cognitive aspect of multifunctional grammatical category of the verb in the Kazakh language

**Abstract.** The article discusses the cognitive aspect of multifunctional grammatical categories of the verb since there is still no sufficiently substantiated theoretical generalization of their place in the grammatical system of the Kazakh language. As a result, the conceptual discrepancy in determining the multifunctional meaning of these forms of the verb continues to persist. This problem began to create certain difficulties in teaching the Kazakh language as a second.

Each language form reflects a certain cognitive processing of the incoming information and serves to solve pragmatic tasks. For a person it is important to inform that he knows some facts, events, was a witness to them, it is important to convey what he saw, find the relationship between the process, abstract from reality, evaluate actions.

In the article, multifunctional categories of the verb are considered in the framework of the cognitive approach to the language as cognitive activity. Cognitive processes analyze, define and structure knowledge in a hierarchical manner. The interpretation of the meaning of infinitive and participle as a result of cognitive activity of a person allows us to analyze semantic-pragmatic conditions and classify the cognitive models that underlie the functioning of these grammatical forms. We believe that this approach to language research is able to approximate the resolution of a long-standing problem of the meaning of category data since the meaning of language units is closely related to cognitive processes.

**Key words:** grammatical category of the verb, infinitive, cognitive activity, cognitive models, semantic-pragmatic context.

З.Ш. Ерназарова,

д. ф. н., профессор Университета КИМЭП,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: ezauresh@kimep.kz

### Когнитивный аспект полифункциональных грамматических категорий глагола в казахском языке

**Аннотация.** В статье рассматривается когнитивный аспект полифункциональных грамматических категорий глагола, так как до сих пор отсутствует достаточно обоснованное теоретическое обобщение их места в грамматической системе казахского языка. Как следствие продолжает сохраняться концептуальная разноречивость в определении полифункционального значения этих форм глагола. Данная проблема стала создавать определенные трудности в преподавании казахского языка как второго.

Каждая языковая форма отображает определенную когнитивную обработку поступающей информации и служит для решения прагматических задач. Для человека важно сообщить, что он знает какие-то факты, события, был их свидетелем, ему важно передать, что он видел, чувствовал, каким образом он это видел, находить взаимосвязь между процессами, абстрагироваться от действительности, давать оценку действиям.

В статье полифункциональные категории глагола рассматриваются в рамках когнитивного подхода к языку как когнитивной деятельности. Когнитивные процессы анализируют, определяют и структурируют знания иерархическим образом. Толкование значения инфинитива и причастия как результат познавательной деятельности человека позволяет анализировать семантико-прагматические условия и классифицировать когнитивные модели, лежащие в основе функционирования данных грамматических форм. Мы считаем, что данный подход в исследовании языка способен приблизить разрешение давней проблемы значения данных категорий, так как значение языковых единиц тесно связано с когнитивными процессами.

**Ключевые слова:** грамматические категории глагола, причастие, инфинитив, познавательная деятельность, фрейм, когнитивные модели, семантика-прагматический контекст.

#### Кіріспе

Тіл – ұлттық ойлау моделін бейнеленейтін жүйе. Әлемнің тілдік бейнесі адам танымындағы когнитивті процестердің нәтижесінде қалыптасады. Бұл тану, талдау, ұқсату, салыстыру, анықтау, жинақтау, бағалау сияқты когнитивті процестер болып табылады. Әрине, бұл процесті толық сипаттау, көру мүмкін емес. Тілді адам ойының бейнесі дей отырып, біз таным процесін ойша тұспалдай аламыз. Таным процесінің нәтижесінде жинақталған білім қорының негізінде белгілі бір когнитивті модель жатады. Өйткені білім қорына таным әрекеттерінің негізінде сараланған, анықталған белгілер мен олардың өзара иерархиялық байланысына құрылған құрылымдық сипат тән болып келеді. Тіл мен таным үдерісі арасындағы байланысты осы тұрғыдан қарастыру тілге тән грамматикалық категорияларды да адам танымында қалыптасқан білім қорының бір түрі, адам танымының нәтижесі, оның негізінде белгілі бір когнитивті модель жатыр деп болжам жасауға мүмкіндік береді. Бұл туралы Вильгельм фон Гумбольдт «Сөз саны ұлттың таным әлемінің байлығын көрсетсе, ал тілдің грамматикалық құрылымы ойлаудың ішкі құрылымы туралы ақпарат береді», деп жазады (Humboldt, 1984:

164-180). Ғалымның пікірін бірнеше тұрғыдан сараптауға болады: біріншіден, грамматикалық категориялар таным әрекетінің ішкі құрылымын сипаттайтын жүйе, екіншіден, грамматикалық категориялар таным әрекетінің құралы болып табылады. Яғни кез келген грамматикалық категориялар таным құралы әрі таным құрылымын сипаттайтын жүйе ретінде бағалануы тиіс.

Осы болжам негізінде етістіктің полифункционалды тұйық етістік және есімше категорияларын қарастырып көрсек. Бұл екі категорияны қатар алуға негіз болатын ортақ сипат – олардың жұмсалымда бірде есім сөз сияқты түрленіп, қызмет атқаруы. Бұл – екі категорияның когнитивтік модельдері де ұқсас болуы мүмкін деген болжам жасауға итереді.

Грамматикалық категорияның когнитивті негізін зерттеуде қандай ұғым-түсініктер басшылыққа алынуы керек? Грамматикалық категориялардың қалыптасуында жатқан таным әрекетін түсіндіру ғалымдар үшін қызықты және өзекті мәселе болып табылады. Өйткені егер тіл адам танымының құралы әрі нәтижесі болатын болса, тілдік бірліктердің әрбірінің негізінде жатқан когнитивті модельдерді болжап анықтау үшін тірек ұстаным – өлшемдер керек. Бұндай өлшемдерге жалпылық сипат тән болуы тиіс. Аталған мәселе Е.И. Кубрякова, Н.Н. Болды-

рев, Е.А. Жавотинская сияқты ғалымдардың сөз табының когнитивті негізін талдауға арналған еңбектерінде көтерілді (Kubryakova, 1997; Boldyrev, 2000:50-63; Jabotinskaya, 2000:15-21).

Ғалымдардың пікірінше, сөз таптарына когнитивті тұрғыдан қарау, бағалау – адам интеллектісінде олардың алатын орнын, әлемнің концептуалды бейнесінде атқаратын қызметін анықтау болып табылады. Егер адам әлемді концептуализациялайтын болса, онда осы уақытқа дейін сөз таптары жүйесін құрастыруда басшылыққа алынатын сөздің лексикалық мағынасы шешуші даралаушы қызметке ие бола алмайды. Өйткені лексикалық мағынаны анықтап, абстракциялайтын адамның таным әрекеті, оған тән концептуализациялау, категоризациялау үдерістері. Керісінше, лексикалық мағынаға ие сөздер прототиптік, кластерлік сипатқа ие сөз таптары категориясының сүзгісінен өтетінін айтады С.А. Жаботинская (Jabotinskaya, 2000:16).

Е.С. Кубрякованың пікірі бойынша, сөз таптары категориясының пайда болуы адамның таным процесін қалыптастыратын тұрмыстық категориялармен байланысты. Бұл – барлық адамзатқа тән тұрмыстық категориялар. Таным нәтижесі тілдік бірлік ретінде формаға енгенге дейін, тілдік емес деңгейде орын алады. Таным процесі барысында әлемді категоризациялау тілдік емес деңгейде іске асады да, олар сөз таптары фреймінің қалыптасуының алғашқы дискурсивті сатысы болып табылады. Сол себепті сөз таптары фреймінің қалыптасуында әлемді танудың концептуалды негізі жатыр. Олар: бір нәрсе (зат есім), осындай (сын есім) неше? (сан есім), не істеді? (етістік) қайда? (үстеу) қалай? (үстеу) Бұндай ұғымдар сөз таптарының категориалды архитиптері болып табылады. Олар сөзге дейінгі ішкі ойлау деңгейінде көрінетін модельдер болып табылады (Kubryakova, 1997:97-101)

Грамматикалық категорияларды қалыптастырушы негіз ретінде сөз таптарын таным үдерісінің туындысы және құралы ретінде анықтаған зерттеулерге шолу жасай отырып, мына ұстанымдарды қорытындылауға болады:

- грамматикалық категориялар адам танымының жоғары деңгейі абстракциялау үдерісінің туындысы;

- грамматикалық категориялардың қалыптасуында таным әрекетінің категоризациялау қызметі жатыр. Категоризациялау адамның ұғымдар арасындағы объективті тәуелді байланысты тануынан және оны тілде грамматикалық

байланыстар – грамматикалық формалар арқылы беруінен көрінеді;

- грамматикалық категориялардың қалыптасуы, түрленуі адам танымында бар білім қоры мен сөйлеу жағдаятының шарттарымен байланысты.

Концептуализация дегеніміз әлем туралы білімнің адам танымында белгілі бір құрылым түрін – когнитивті модель түрін құрып, сақталуы болып табылады. Білімнің осындай бір жиынтығы концепт деп аталады. Концепт түрінің қалыптасуы объект туралы білімнің қорытылып, құрылымдық жүйе деңгейіне жетуімен байланысты. Бұл идея Ч. Филлмордың фреймдік семантикасы туралы теориясында (Fillmore, 1981&111-137), Дж. Лакофф пен М. Джонсонның метафоралар туралы теориясында көрініс тапқан (Lakoff, D. & Jhonson, M, 1988: 320).

Когнитивті модель теориясы ментальді кеңістік пен когнитивті модельдерден тұрады. Ментальды кеңістік дегеніміз ойлау әрекетімен, сөйлеу жағдаятымен байланысты анықталатын ойлау үдерісінің белгілі бір кезеңін сипаттау үшін керекті ұғым. Мысалы, «Қазір келемін» деп жауап беру үшін ментальді кеңістікте тыңдаушы адам, баратын орын, әрекет мақсаты, ортақ әрекет түрі, адамдар арасында қалыптасқан қарым-қатынас түрі болуы керек. Бұл ақпараттар сөйлеуші адамның ойында ментальді кеңістік құрайды. Ал сол ментальды кеңістікті құрайтын, орын алатын когнитивті модельдер – концепт түрлері бар. Олар менталды кеңістікті құрылымдарға бөледі: жоғары – төмен, бүтін-бөлшек, әдіс – мақсат. Ментальді кеңістікте пропозициялардың сипатына қарай – сценарий, скрипт, белгілер жиынтығы, таксономия, радикалды категориялар, метафоралық, метонимиялық когнитивті модельдерді анықтауға болады. Жоғарыда келтірілген сөйлесімнің тууы мүмкін ментальді кеңістікте сценарий, таксонмия когнитивті модельдері бар.

Ментальді кеңістік, когнитивті модельдер теориясын етістік категорияларына қатысты қолдану адам танымында әрекетпен байланысты орын алатын категоризациялау, концептуализация үдерістерін түсінуге көмектеседі. Өйткені етістік категорияларының нақты өмірде реалды көріністері жоқ. Оны анықтайтын – сөйлеушінің менталді кеңістігі.

Сонымен кез келген етістік категориясы адам танымында қалыптасқан ментальді кеңістікпен байланысады, грамматикалық категориялар адамның әлемді категорияларға бөлуі

негізінде пайда болды, грамматикалық категориялар қолданылуы жүйеленген білім қорының көрінуі, білім қорына құрылымдық сипат тән деген теориялық ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, көпфункционалды есімше, тұйық етістік сияқты грамматикалық категориялардың когнитивті модельдерін анықтап көрелік.

### Эксперимент

Есімше – концептуализациялау және категоризациялау үдерістерінің объектісі ретінде

Қазақ тіліндегі есімшені зерттеген еңбектерде екі түрлі пікір қалыптасқан: есімше сөйлем соңында предикат қызметінде жіктік жалғауын қабылдап, нақты – аяқталған әрекетті өткен шақты білдіреді. Сондықтан қазақ тілі ғалымдары оны бұрынғы өткен шақ деп бөледі (Мамапов, 1966: 52-54). Сонымен қатар есімшеге септік жалғаулары тіркесіп септеледі. Сөйлем құрамында есімшелі құрылымдар субъект және негізгі предикатпен анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық мағыналық байланыста қолданылып, полипредикативті сөйлем түрлерін құрайды. Оларды қазақ тілі білімі зерттеушілері екіге бөледі. Жай сөйлем құрамындағы қолданысын есімшелі оралымдар, үйірлі мүшелер деп атау қалыптасқан. Бұндай жай сөйлемдер күрделенген жай сөйлемдер деп аталады (Esenov, 1987). Ал құрмалас сөйлем құрамында есімше предикат ретінде өзіне бағынышты сөздермен жеке интонацияға ие болып, бағынышты сөйлем қызметінде жұмсалады. Есімшенің бұл қолданысын сабақтас құрмаластың бағынышты компоненті деп атау қалыптасқан. Алайда қазақ ғалымдары арасында есімшенің жай сөйлем құрамындағы қызметі біржақты пікірді қалыптастырмай отыр. Есімшенің зат есімнің алдында келіп, анықтауыш қызметін атқаруын барлық зерттеушілер мойындайды. Өйткені есімшенің анықтауыш қызметі, анықталатын сөзбен қабыса байланысуы сөзсіз мойындалады (Shaukenov, Umirbekova, Esengazina). Б.Б. Есенғазина есімшенің жай сөйлемдегі қызметінен гөрі есімшелі оралымдардың ішкі байланысына назар аударады (Esengazina, 2014: 14-15). Ал Р.Қ. Өмірбекова есімшенің анықтауыштық қызметін қарастырады. Зерттеу жұмыстарына жасалған шолу күрделенген жай сөйлем құрамындағы есімшенің қызметі бір ғана аспектісі – есімшенің анықтауыш қызметі ғана қарастырылғанын көрсетті (Umirbekova, 2007: 11-14). Сонымен есімшеге арналған зерттеулерге

жасалған шолу оның септік жалғауын қабылдап, түрленуімен байланысты қалыптасатын мағыналық өзгерістері туралы тұжырымдардың қарастырылмайтынын анықтады. Есімше етістік категориясы бола тұра неге септеледі? Оны қалай түсіндіруге болады?

Тілдік категорияларды когнитивті аспектіде зерттеуде прототиптік көзқарас кең қолданылады. Бұл бағыттың сипаттамасы: прототиптік белгісі бір категорияның құрамына кіретін элементтердің бірдей белгілерге ие болмауымен байланысты. Бір элементтер негізгі категориялық белгілерді бойына жинақтайды. Оларды прототип деп атайды. Олар аталған категорияны анықтаушы негізгі белгі болып табылады. Ал бір элементтердің категориялық белгілері төмендеу болады. Прототип өзінің айналасына белгілері жағынан ұқсайтын екінші бір элементтерді жинақтайды. Содан категориялық жүйе қалыптасады. Прототиптік белгілер традициялық тұрғыда көрінеді. Бір категория құру үшін элементтердің бір белгісі ұқсас болуы керек.

**Есімшенің қызметін, танымдағы құрылымын модельдеу.** Есімшенің коммуникациядағы қызметіне семантикалық талдау жасау сөздердің лексика-семантикалық топтарын ажырату, сөздер арасындағы мағыналық байланыстың түрі, сөйлеушінің мақсаты, прототиптік белгі – предикаттық белгінің – сапалық, процессуалдық – сипатын анықтауға негізделді.

Есімшенің септелуін, анықтауыштық қызметте жұмсалуды етістіктің лексика-семантикалық топтармен байланысты қарау керек. Онсыз есімшенің анықтауыштық, толықтауыштық қызметте жұмсалуды түсіндіру мүмкін емес (оқыған адам, оқығанына өкінді, оқығанына қуанды, оқығаны дұрыс, оқығаны жөн, оқығанына жаның ашиды, оқитын адам)

Есімше сөйлем ішінде екі түрлі семантикалық белгіні бойына жинақтайды. Әрекеттік және сапалық-анықтауыштық. Белгілі бір объектінің іс-әрекеті оның белгісі ретінде танылады. Есімшенің екі түрлі сөз табының екі түрлі категорияның белгілерін бойына жинақтауының тарихи негіздемесі де бар. Есімше прототиптік белгісіне қарай шақтық, субъектілік етістік категориясына жатады. Есімше категория ретінде динамикадағы және процессуалды сипаттағы әрекеттерді бере алады. Сондықтан ол етістік категориясына жатады. Есімшенің анықтауыштық қызметте қолданылуы – адам танымы нәтижесі. Өйткені

әрекеттік белгілер объектілердің бойында болмайды. Оны танытын да, анықтайтын да, белгілейтін де адам, оның танымындағы объект туралы білім қоры. Әрекетті белгілейтін барлық етістіктер анықтауыш қызметінде жұмсалады.

Талдау барысында есімшемен тіркесетін сөздердің лексика-семантикалық сипатына, сөйлем пропозициясына тән басым семантикалық компонентке назар аударылды. Талдау қорытындысы №1 кестеде берілді.

**1-кесте**

	Етістіктің семантикалық топтары O(V)	Семантикалық байланыс түрі	Етістіктің семантикалық топтары P(V), модаль сөздер, есім сөздер	
Атау септік	Мектепте 10 жыл бұрын оқығандар келді	Субъект-предикаттық	Барлық жағдайда	Номинативті фрейм
Ілік септік	Айтқанның бәрі, бірі, көзі, аузы керегі, дұрысы, айыбы, сөзі, өзінде	Іріктеу Бөлшектеу нақтылау	әрекет етістіктері	Посессивтік фрейм
Барыс септік	Айтқан+ға барғанға Ойланғанға Оқығанға Күлгенге Ішкенге қарағанда	Себеп Объектілік салыстыру	Көнді, Зәру, Қалай қарайсыз, Құлақ аспау, Қарсы шығу, Кектену, Ренжу Қуану, Не жетсін, өкіну Жақсы, жаман, ұтымды	Бағалаушытық фрейм
Табыс септік	Атй+қан+ды	Объектілік бағалаушытық	Ұнату, Жақсы көру, Қолдау Дұрыстау, Жөндеу, білу	Бағалаушытық фрейм
Шығыс септік	Айтқаннан	Шығу көзі Әрекет құралы бағалаушытық	қашу, шаршау, жалығу, бас тарту, ауыру, ұйықтау, тұру, тынығу	Идентификациялық фрейм
Көмектес	Айтқанмен бірдей	Салғастыру	Болу Теңесу кабылдау	Бағалаушытық фрейм

Есімшенің әрекет – белгі қызметінің қалыптасуын сөйлемдер арасындағы деривациялық байланыстар арқылы да түсіндіруге болады.

Мысалы,

(1) Асқар университетте оқыған – жүзеге асқан әрекетті атау, өткен шақта хабарлау

(2) Университетте оқыған Асқар биыл диплом алды – орындалған әрекет субъектінің процессуалды белгісі(прототиптік белгі) қызметіне ауысты.

(3) Университетте оқығандардың ішінде Асқар білімімен көзге түсті – жалпыны (процессуалдық белгі) жекеге ажырату ішінен бірін даралау

(4) Асқардың университетте оқығанын ата-анасы қолдайды – субъектіге тән нақтыланған процессуалдық белгі ретінде бағалау объектісіне айналды.

(5) Асқардың университетте оқығанына 4 жыл болды – нақты анықталған әрекеттің мерзімдік сипаты бағаланды.

(6) Асқар университетте оқығаннан шаршады – нақты орындалған әрекет белгі екінші әрекетті тудырды.

(7) Жұмыста тәжірибе жинау – университетте оқығанмен бірдей – әрекет белгілерді салғастыру

Есімше процессуалды әрекетті білдіреді. Бұл оның прототиптік белгісі болып табылды. Сондықтан ол етістік категориясы болып есепетеді. Ал оның септеліп жұмсалуды категориялаудың нәтижесі әрекет тек танылып қоймайды. Ол заттың белгісі ретінде танылады. Есімшенің танылған, орын алған, релевантты әрекет – белгіні білдіреді. Белгі сөйлеуші адам тарапынан әртүрлі аспектіде бағаланады, ажыратылады, салыстырылады, танылады. Ал бұл байланыс түрлерін тілде септік жалғаулары жеткізеді.

*Тұйық етістіктің қызметін, танымдағы құрылымын модельдеу.* Тұйық етістік немесе етістіктің инфинитив формасы етістік кате-

гориялары ішіндегі қызметі жағынан күрделі түрі деп есептеуге болады. Бір жағынан тұйық етістік қимылды атап, оны субъект иесінен абстракциялайды да, зат есім сияқты түрленеді, екіншіден зат есім сияқты септеліп, көмекші етістіктермен тіркесу арқылы шынайы әрекеттің өзін атауға жақындайды. Олай дейтініміз тұйық етістік жақтық, шақтық категориялар бойынша түрленбейді. Тұйық етістік тілде жай құрылым түрінде де, күрделі құрылым түрінде де қолданылады. Оның көмекші етістіктермен тіркесіп қолдануы модальдік категориясын қалыптастырады. Мысалы, баруға болады, баруға тиіс, баруы керек, баруға тырысады, баруға ұмтылу, баруы мүмкін, баруына тура келу. Тұйық етістік сөйлемде түрленіп, аналитикалық құрылым түрінде баяндауыш қызметі атқарады. Сонымен қатар зат есім сияқты түрленуі арқылы сөйлемнің басқа мүшелерінің қызметін орындайды (бастауыш: Менің ауылда жұмыс істеуім бес жылға созылды. Менің өз ісімді бастауыма әкем көмектесті (толықтауыш). Менің бұл кітапты оқуымда бір мақсат бар (толықтауыш). Менің оқуымды әрі қарай жалғастыруға итерді (толықтауыш). Менің шетелде білім алуыммен байланысты отбасында қаржылық қиындықтар туды.

**2-кесте** – Тұйық етістіктің сөйлемдегі қолданысы

Лексикалық-грамматикалық сипаты	Сөйлемдегі қызметі
Ұғым атауы. Не? сұрағына жауап береді. Зат есім сияқты септеледі, тәуелденеді.	Сын есім, зат есімнен болған анықтауыш сөздермен тіркеседі. Сөйлемде толықтауыш қызметін атқарады.
Қимыл атауы. Не істеу?сұрағына жауап береді. Тәуелденеді, септеледі, модаль сөздермен байланысады.	Үстеулермен тіркеседі. Сөйлемде аналитикалық құрылымдармен тұтастықта баяндауыш қызметін атқарады

Е.С. Кубрякова тұйық етістіктің әрекет түрлерін танығаннан кейін, етістік туралы түсінікті абстракциялау арқылы қалыптасатын категория екенін айтады (Кубрякова, 1997:112-1113). Зерттеуші мақаласында «табиғи тілдің вербалды таңбаларды қолдана отырып, жаңа бірліктер қалыптастыратыны сияқты концептуалды жүйе концептілерінің негізінде жаңа концептілер дүниеге келіп, концептуалды жүйе жана фрейм-

дермен дамитынын айтады. Ғалым абстракттілі мағыналы сөздер қатарының дүниеге келуі таным үдерісіндегі екінші деңгейде өтетін когницияның тілдегі көрінісі болып табылатынына назар аударады. Яғни тұйық етістік категориясының қалыптасуы адамның өзінде бар ақпараттарды қайта талқылауының, ой елегінен өткізу, интерпретациялауының, бағалауының нәтижесі болып табылады. Тұйық етістіктің қолдануында қандай когнитивті процестер орын алады? деген сұраққа жауап іздеп көрелік:

(1) Менің мектепте жұмыс істеуіме тура келді. – әрекеттің өзін атау емес, оны екінші әрекет туғызған нәтиже ретінде көрсету.

(2) Менің мектепке баруыма болады – процесті көрсету емес, екінші бір әрекетке байланысты нәтиже ретінде рұқсатты беру

(3) Менің мектепке баруым мүмкін. Әрекетті емес, нәтиже – мүмкіндікті білдіру

(4) Менің мектепке баруым керек. – әрекетті орындаудың нәтижесі – қажеттілігін көрсету.

(5) Мектепке бару күнделікті жұмысым – әрекетті бағалау.

(6) Мектепке бару оңай/баруға оңай – әрекетті бағалау

(7) Ол кітап оқуды ұнатады( шешті,қолдады, құптады – бір әрекеттің артықшылығын көрсету, әрекет объектісін нақтылау.

(8) Абай былай деп айтқан: «Оқуды үйрен де жирен». Оның бұлай айтуына не себеп болды? –әрекетті бағалау, олардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтау.

(9) Менің атам ауылдан қалаға көшеді. Оны ауылдан көшуге не итерді?

Тұйық етістік адам танымындағы екінші деңгейлі таным әрекеттері – әрекеттің өзін танудан кейін оны басқа әрекет қатарларымен салыстыру, ұқсастықтар мен ерекшеліктерін субъективті түрде немесе қоғамда қалыптасқан стереотиптер негізінде бағалау процесінде қолданылатыны көрінеді. Тұйық етістік категориясы салыстырудың, өзара тәуелді туындаушы байланысты анықтаудың нәтижесін жеткізеді. Демек, тілдің грамматикалық құрылымында әрекеттерді бағалаудың, салыстырудың өлшемдері құрылымдық сипатқа ие білім түрінде жинақталған. Бұл білім қоры фреймдік сипатқа ие бағалау концептісін құрайды. Бағалау логика – семантикалық категория. Ол сөйлеушінің пікірімен, әлемді қабылдауымен тығыз байланысты. Әрине, жеке қабылдаудың артында белгілі бір әлеуметтік топтың көзқарасы жатады. Бағалау адам танымында қалыптасқан нормаларға сай жақсы/жаман, әдемі/әдемі емес,

дұрыс/дұрыс емес деп пайымдаудан туады. Бағалаудың аксиологиялық және рационалды түрлері бар. Тұйық етістік арқылы берілетін бағалау рационалды бағалау түрін құрайды. Өйткені тұйық етістіктің көмегімен сөйлеуші өзінің жеке байқаулары, қорытындылары негізінде пайымдау жасайды.

### Нәтиже мен ойталқы

Талдаулар нәтижесінде төмендегідей қорытынды жасауға болады. Есімше – шынайы өмірде объективті түрде орын алған, нақтыланған процесті атайды. Есімшенің басты қызметі – заттың әрекетін орын алған процесс ретінде белгілеу. Есімшенің сөйлемдегі негізгі (предикат) қызметі мен сонымен байланысты туындаушы қызметтерін анықтайтын септік жалғаулары. Септік жалғаулары – әрекет-белгіні ұлттық дүниетаным құндылықтары тұрғысынан бағалауға, басқа әрекет түрлерімен салыстыруға, әрекет – белгіні идентификациялауға, бүтін және бөлшектерге бөлуге мүмкіндік беретін тілдік құрал. Есімшенің коммуникациядағы қолданысын бірнеше семантикалық топтарға ажыратуға болады. Олар: бағалаушылық, салыстыру, идентификациялау және бүтін-бөлшектік мағыналар.

Есімшенің когнитивті моделі – адам танымында шынайы өмірде орын алған әрекет белгі-таңба ретінде сақталады. Ол – орын алған, нақты процесс. Адам танымындағы ментальді кеңістік есімшемен берілген процесті таниды, қабылдайды. Оны кеңістік өлшемдері бойынша идентификациялайды. Келесіде адам танымы оны өзінде бар ақпараттармен салыстырады, әрекетті ұлттық құндылықтар тұрғысынан бағалайды (жақсы, жаман). Есімшенің грамматикалық категория ретінде түрленуі мен коммуникациядағы қызметін адам танымындағы когнитивті процестермен байланысты түсіндіру оның ішкі жүйесіндегі деривациялық процестерді реконструкциялауға мүмкіндік береді.

Тұйық етістіктің таным процесіндегі қызметі қимыл әрекетке қатысты сөйлеушінің беретін бағасымен, сөйлеуші ниеті, мақсатымен байланысты. Таным процесі көп әрекеттің ішінен бір әрекет түрін ерекшелейді. Оның субъектімен байланысын, нақтылауға көмектеседі. Бұл сөйлеушінің объективті шындыққа бар реалийлерді атау ғана емес, оның субъективті сипатын, сөйлеуші тарапынан жасалатын бағалау компонентімен байланысты әрекетті абстрак-

циялау арқылы береді. Тұйық етістік адамның таным процесімен, пайымдау процесімен байланысты. Адам танымы өзіне келіп түскен ақпараттарды саралайды, талдайды, оны өзінде бар жеке не жалпы әлеуметтік топтың құндылықтары тұрғысынан бағалайды. Сөйтіп қорытынды-пайымдау жасайды.

(1) Астананы көру менің атамның арманы еді.

(2) Сені көру бақытына ие болдым. Жаңа орындарды көруді ұнатамын.

Бұл тұйық етістік тіркесетін модаль сөздер мен көмекші сөздердің сипатынан да көрінеді. Арман, бақыт, жақсы/жаман бағалаушы лексикалық бірліктер адамның ойлау процесінің нәтижесін көрсетеді. Бұл сөйлеушіде бар ақпараттарды салыстыру, ұқсату, артықшылықтарын бағалау ойлау процестерінің негізінде жасалады. Тұйық етістіктің бағалаушы қызметін контекстегі қолданысына жасалған семантикалық талдау да нақтылайды:

### 3-кесте

Тұйық етістіктің септелуі	
1. Ілік септік: етістік+удың	жөні бар, реті келді, қиыны, аясы, мақсаты
Табыс септік: етістік +уды/- уді	өтіну, сұрау, шешу, үйрену ұмыту, жалғастыру, тоқтату Созу, ұнату, жек көру/жақсы көру, бастау, аяқтау, ойлау
Барыс септік: етістік++уға/+уге	тырысу, ұмтылу, болады, оңай
Жатыс септік: етістік+уда/уде	жатыр
Шығыс септік: етістік+удан /уден	Шаршау, бас тарту, пайда бар/ пайда жоқ
Көмектес септік: етістік+умен	Айналысу, жүру, бастау, шектеу, бірдей

### 4-кесте

Тұйық етістіктің тәуелденуі	
Етістік: +уым/уім (+уың/ уің, +уыңыз/уіңіз, +уы/уі)	Керек/ тиіс

Тұйық етістіктің тіркесімділік қабілетіне жасалған талдау оның бағалаушы лексика-семантикалық етістік топтарымен, семантикалық құрылымында бағалаушы семалық компоненті бар модаль сөздермен, есім сөздермен тірке-

сетінін көрсетті. Тұйық етістік адам танымында абстракцияланаған әрекеттің бейнесі болып табылады. Тұйық етістік концептісі қарым-қатынаста басқа концептілермен байланыста көрінеді.

Семантикалық талдаулар негізінде тұйық етістік концептісінің фреймдік құрылымына тұрғыда көрсетуге болады деп ойлаймыз:

#### 5-кесте

Бағалау көрсеткіштері			
Әрекеттің өту сипатын бағалау	жылдам	баяу	қайталамалы
Салыстыру ерекшелігін бағалау	Жақсы	жаман	
Әрекеттің өті фазасын бағалау	басталу	жалғасу	аяқталу
Әрекеттің дұрыс/дұрыс еместігін бағалау	себеп	салдар	
Әрекетті құндылықтар тұрғысынан бағалау	керек	тиіс, мүмкін	Бар/ жоқ

#### Қорытынды

Есімше мен тұйық етістік грамматикалық категорияларының қызметін адам танымының нәтижесі ретінде бағалау етістік категориялары таным үдерісінің әртүрлі деңгейлерінде қалыптасты деп қорытынды жасауға әкелді. Етістіктің шақтары нақты ментальді кеңістікпен байланысты адам танымында бірінші когниция деңгейінде қалыптасса, ал полифункционалды грамматикалық категориялар адам танымының жоғары деңгейі – абстракциялық ойлау деңгейінде дамиды. Адам танымы өзінде бар, категориязацияланған ақпаратты танып қана қоймайды. Оны шынайы өмірден абстракциялай отырып, ақпараттар арасындағы байла-

нысты таниды, құрылымдарға ажыратады және бағалайды. Сондықтан полифункционалды етістік категориялары адам танымында өтетін келесі когниция деңгейлерінің нәтижесі болып табылады. Бұл есімшенің шақтық концептуалды жүйесінің жаңа фреймдермен ұлғаюынан (есімшенің септеліп, семантикалық байланысты қалыптастыруы) және процессуалды әрекетті ұғымдық деңгейде абстракциялаудан көрінеді (тұйық етістік). Әр таным деңгейі жаңа грамматикалық формаларды керек етеді немесе тілде бар құрылымдардың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Алғашқысында процессуалды белгі ментальді кеңістікпен байланыста танылып, әрекет – белгі түрінде абстракцияланса, екіншісінде (тұйық етістік) ментальді кеңістікпен байланысы жоқ, прототиптік белгі ғана танылатын ұғымдық атау түрінде абстракцияланады. Бұған есімше мен тұйық етістіктің бірдей септік жалғауларын қабылдаса да, семантика-прагматикалық қолданыс шарттарының бір сипатта болмайтындығы дәлел бола алады. Сонымен қатар тұйық етістіктің когнитивті моделінде әртүрлі семантикалық дифференциациясы бар бағалауыштық фреймнің құрылымы да күрделі таным үдерістерімен байланысты екенін айту керек (адамның психологиялық қалпы мен сезімдерін жеткізетін, ойлау етістіктерімен тіркесуі). Бұл абстракциялық пайымдаудың бірнеше сатылы деңгейлерімен байланысты болуы мүмкін.

Тілдің қазіргі даму деңгейінде қалыптасқан грамматикалық категориялар адамның қарапайым таным әрекетінің қарапайым деңгейінен күрделенген абстрактілік деңгейлерінің көрінісі болып табылады. Сондықтан грамматикалық категориялардың когнитивті модельдерін реконструкциялау арқылы адам танымының даму деңгейлерінің тілдегі көрінісін сипаттауға болады. Басқаша айтқанда, грамматикалық категориялар жүйесі адам танымының даму деңгейлерінің көрінісі болып табылады деп есептейміз.

#### Әдебиеттер

- Вильгельм фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 159-194 с.  
 Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – Тамбов, 1997. – 328 с.  
 Болдырев Н.Н. Когнитивный подход к изучению глагола и глагольных категории // Традиционные проблемы языкознания в свете новых парадигм знания. – М., 2000. – С. 50-63.  
 Жаботинская Е.А. Концептуальная модель частеречных систем: фрейм и скрипт // Когнитивные аспекты языковой категоризации. Сборник научных трудов – Рязань: Рязанский гос. пед. ун-т им. С.А. Есенина, 2000. – С. 15 – 21.  
 Филлмор Ч. Фреймы и семантика понимания / Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 23. – 1988 – 320 с.  
 Лакофф Д., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем / Когнитивные аспекты языка. – В кн.: Новое в зарубежной лингвистике, вып. XXIII. – Москва, 1988. – 320 с.



- Демьянков В.З., Кубрякова Е. С. Когнитивная модель // Краткий словарь когнитивных терминов / Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. – М.: Филол. ф-т МГУ им. М.В.Ломоносова, 1996. – С. 56–57.
- Маманов Ы. Қазақ тілі. Етістік. – Алматы, 1966. – 34-36 бб.
- Есенов Қ.М. Қазақ тіліндегі күрделенген жай сөйлемдер. – Алматы, 1987.
- Шәукенов Қ. Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 15-21-бб.
- Дәулетова А.С. Есімшелердің функционалдық –парадигмалық жүйесі. Автореф. канд. дисс. – Алматы, 2007.
- Ақбұзауова Б. Қазіргі қазақ тіліндегі етістікті анықтауыштар. – Алматы, 2006.
- Болатов Ж. Синтаксическая функция причастия в казахском языке. Автореферат канд. дисс. – А., 1955.
- Есенғазина Б.Б. Есімшелі оралымдар, олардың түрлері // Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының жаршысы. – №2. – 2005. – 85-87 бб.
- Өмірбекова Р.Қ. Есімшелі құрылымдардың тілдік табиғаты. – Алматы, 2014. – 128 б.

### References

- Aqbuzaouova B.(2006). Qazyrgi qazaq tylyndegi estelikti anyqtauyshatar., Almaty
- Boldyrev N.N. (2000). Kognitivnyi podkhod k izucheniyu glagola I glagolnykhkategorii [Cognitive approach to the study of verbs & verbal categories]. Traditional problems of linguistics in the light of new paradigms of knowledge (pp.50-63). Moscow.
- Bolatov Z. (1955). Synteksicheskaya funktsiya prichastiya v kazakhskom yazyke Avtoreferat kand. Diss.
- Dauletova A.S. (2007). Esimshelerdin funktsiyanaldyq- hfrfdigmalyk zhuesy, Avtoref mand.diss, Kazakhstan, Almaty.
- Demyankov V., & Kubryakova E. S. (1996). Kognitivnaya model/ Kratkiy slovar kognitivnyh terminov. Moscow, Russia. MGU im. M.V.Lomonosova. (1996-s.56-57)
- Fillmore Ch.J. (1982). Frame semantics. Linguistics in themorning calm. Selected Papers fromSICOL 1981(pp.111-137). Seoul, Korea: Hanshin Publishing Company.
- Jabotinskaya S.A. (2000). Konceptualnaya model chasterechnykhсистема: Freim&script [Conceptual model of systems of parts of speech: Frame & script]. Cognitive aspects of language categorization. Collection of research works (pp. 15 – 21). Ryazan, Russia: Ryazan State Pedagogical University Press.
- Mamanov I. (1960). Kazak tili Etistik. (pp.52-54) Almaty.
- Humboldt, fon W. (1984). Selected works on linguistics.(pp.159-194) Moscow.
- Kubryakova E.S. (1997). Chastrechi s kognitivnoitochkizreniya [Parts of speechfromcognitive side]. Tambov, Russia.
- Lakoff D. & Jhonson, M. (1988). Metafory, kotorymi mu zhivem. Kognetivnyeaspecty yazika. Novoe v zarubezhnoylingvis-tike. Moscow, Russia: 1988-320 s.
- Shaukenov K. (1991). Uirlimusheler Olardiokityadistemesi. (pp.15-21) Almaty.
- Omirebekova R.Q. (2014). Esimshely qurylymdardyn tyldyk tabigaty. Almaty (b. 128)
- Yesenov K. (1995). Kazak tilindegi kurdelengen zhai soilemder Almaty ( 58-66)
- Yesengazina B.B. (2005). Esimshely oralymdar, olardyn turleri. Kostanai memleketyk pedagogikalyk institutynyn zharshysi (b. 85-87).